

М. Мұстафина, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Е. Ж. Тоқтабеков, ӘҚ және ІІО ӘҚ кафедрасының
оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Теория жүзінде мемлекет, басқа да қызметтермен қатар, құқықтық тәртіпті қорғауды жүзеге асыратындығы туралы ереже ертеден-ақ бар. Құқықтық тәртіп әлеуметтік өмірдің барлық саласының бірдей мүдделерін, құқықтың барлық нысандары секілді, меншік, мемлекеттік құрылымды және т. б. тең дәрежеде қорғайды. Әрине, мемлекеттің қорғау қызметіне оның мазмұнының элементтерін санамалай отырып, мейлінше кең атау беруге болар еді. Алайда, ол құқықтық қызметті талдаудағыдай мемлекеттің қорғау қызметіндегі көптеген маңызды тараптарды және нысандарды қамти алмайды. Бұл қызметті қысқа да нұсқа анықтап, оның қызметін меншікті қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және т. б. сақтауды қамтитын құқықтық тәртіптік қорғау деп атасақ, жаңылыспаймыз. Құқықтық тәртіпті қорғауды бүтіндей немесе жартылай өз алдына мемлекет қызметі деп қарастыруға болмайды деген пікір бар. Бұған құқықтық тәртіптің бір жағынан мемлекет қызметінің заңнамалық түрінің жемісі, екіншіден мемлекеттің барлық қызметтерін (әртүрлі деңгейде болса да) жүзеге асырудың маңызды құралы дейтін дәйек дерек ретінде келтіріледі. Өз алдына бұл дәйектер қайшылықтар туындатпайды. Сөйте тұра, ол мемлекеттің құқық қорғау қызметін жоққа шығаруда қолданылмайды.

Ішкі істер органдары жүйесін құрылған сәйкес актілерді талдау арқылы жасауға болады. Мысалға, 1995 жылғы 21 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» заңы.

Олардың мақсаттарына сәйкес ІІО-на жүктелген міндеттерді сыртқы жүйелік және ішкі жүйелік деп бөлуге болады.

ІІО-ның сыртқы жүйелік міндеттері:

- 5) азаматтардың конституциялық құқықтары және еркіндіктерін, жеке және мүліктік мүдделерін қорғау;
 - 6) қылмыстарды жедел және толық ашу және тергеу;
 - 7) қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
 - 8) бекітілген нысандарда қылмыстардың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу;
 - 9) жеке және заңды тұлғаларға қылмыс арқылы келтірілген материалдық шығынның орнын толтыруды қамтамасыз ету.
- 10) ІІО ішкі жүйелік міндеттері:
- 11) ІІО қызметінде заңдылық принциптерінің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;
 - 12) кадрларды таңдау, ұсыну және орналастыру принциптерін қамтамасыз ету;
 - 13) ІІО қызметкерлерінің қызметтік, дене дайындығын және тәртібін жоғары деңгейде қамтамасыз ету;
 - 14) ІІО қызметінде ғылымның және техниканың заманауи жетістіктерін, оңды тәжірибиелерін кеңінен қолдану;

15) ПО жеке құрамының тұрмыстық жағдайын жақсарту болып табылады. Мақсаттар мен міндеттер орган қызметінің соңғы нәтижесіне бағыттала отырып, үлгілік немесе үміттенген кешелекті бейнелей келіп, әрекет міндеттілігі өзінен-өзі оған жетудің нақты құралдарынан иеленбейді. Мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету құралы болып қызметтер табылады. Яғни мақсаттар және міндеттер органның нысанасы мен міндеттілігі, ал қызметтер — оларға қол жеткізудің құралы қызметін атқарады.

Кез келген басқару органының, соның ішінде ПО функциясы тек жай ғана қызмет болып табылмайды. Бұл оның «ойлап табуға» болмайтын, тек ғана оларды табуға, анықтауға, қалыптастыруға, нақтылауға, талдауға болатын, объективті қажетті, тұрақты және қайталанатын түрлері, бөліктері, бағыттары. Органдардың қызметтері өзара байланысты, өзара өрілген, себебі, функция ықпал ететін объектінің жақтары, байланыстары және қатынастары тығыз байланыста, ішінара негізделген болады. Басқару органының мақсатты бағытталған, өзара байланысқан ықпалдастығын бейнелей отырып, функция алға қойылған міндеттерді орындаудың, белгіленген мақсаттарға жетудің қажетті және жалғыз құралы болып табылады.

Сөйтіп, функция — басқару нысаны арқылы субъектінің қолайлы жағдайы үшін объектіні қолдауға қажетті ықпал ететін, басқару нысанының белгілі бір қасиеттеріне және қатынастарына бағытталуға негізделген, басқару субъектісінің қажетті, тұрақты және қайталанушы жекелеген әрекеттері. Осыдан келіп, ПО қызметі мақсаты — азаматтардың конституциялық құқықтарын және заңдық мүдделерін, ұйымдарды және мемлекетті қылмыстық қол сұғулардан қорғау болатын, қылмыстылықтың белгілі бір жақтарына және белгілеріне, қатынастарына және олардың туындау себептеріне бағытталған ПО жекелеген қажетті және қайталанушы әрекеттеріне, көліктегі құқықтық тәртіпті бұзулар және оларды туындататын себептердің болуына негізделеді.

ПО ұйымдастырылуы және қызметінің тәжірибиесін, сондай-ақ олардың қызметін реттейтін нормативтік актілерді зерттеу, бір жағынан ПО негізгі функцияларының алуан сипатын, екінші жағынан нақты ПО жүйесі үшін кешеннің даралығын көрсетеді. Объектінің ықпал ету ерекшеліктері және олардың қызмет ету ортасы арқылы алдын ала анықталады.